



**№59 «БТА Банкі» Акционерлік қоғамының
Жылдық Акционерлердің Жалпы жиналысында дауыс беру
қорытындылары туралы
ХАТТАМА**

Жиналысты өткізу орны:	Алматы қ., Құрманғазы к-сі, 36, «Достық» қонақ үйі, конференц-зал
Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері:	Алматы қ., «Самал-2» ықш./ауд., Жолдасбеков к-сі, 97
Өткізу күні:	2011 жылғы 30 маусым
Ационерлерді тіркеудің басталуы:	Сағат 09.30
Ационерлерді тіркеудің аяқталуы:	Сағат 11.00
Жиналыстың басталуы:	Сағат 11.00
Жиналыстың аяқталуы:	Сағат 12.20

Жылдық Акционерлердің Жалпы жиналысын «БТА Банкі» АҚ Басқармасының Төрағасы Сәйденов Әнуар Ғалимолдаұлы ашты, ол Банктің Жылдық Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібінде мазмұндалған мәселелерді қарау және шешу үшін «БТА Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 20 мамырдағы №22 шешімімен шақырылғандығын хабарлағаннан кейін, жиналысты өткізуге құқылы екендігін баяндау үшін санақ комиссиясының мүшесі С.О.Тұлеуова ханымға сөз ұсынды.

С.О.Тұлеуова акционерлерге 2011 жылғы 27 мамырда «Казахстанская Правда», «Егемен Казахстан» газеттерінде, 2011 жылғы 27 мамырда «БТА Банкі» АҚ корпоративтік Веб-сайтында және «Қазақстан қор биржасы» АҚ ресми сайтында, «Люксембург Қор Биржасы» корпоративтік сайтында жарияланған Жылдық Акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама арқылы хабардар етілгендігін мәлімдеді. Акционерлер реестрі 2011 жылғы 20 мамырдағы жағдай бойынша «БТА Банкі» АҚ тіркеушісі - «Центр Дар» АҚ жасалды. «БТА Банкі» АҚ акционерлерінің тізімін құрастырған күні, Банк 44 209 411 924 дана жәй орнықтырылған акцияларға ие, оның ішінде дауыс беретін акциялар – 36 914 274 233 дана құрайтындығын баяндады.

2011 жылғы 30 маусымдағы № 59 «БТА Банкі» АҚ
жылдық Акционерлердің Жалпы жиналысының дауыс беру
қорытындылары туралы
ХАТТАМАСЫ

Санақ комиссиясымен ұсынылған деректер бойынша «БТА Банкі» АҚ Жылдық Акционерлердің жалпы жиналысына қатысу үшін тіркеу аяқталған күні Банктің жиынтықты 36 239 923 699 дауыс беретін жәй акцияларына ие 11 акционер және олардың өкілдері тіркелді, бұл «БТА Банкі» АҚ дауыс беретін жәй акцияларының жалпы санының 98,17 пайызын құрайды, соның ішінде 154 885 500 дана ғаламдық депозитарлық қолхаттар болып табылады.

«БТА Банкі» АҚ Кезектен тыс Акционерлердің жалпы жиналысына қатысты:

- 1) «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ АҚ - «БТА Банкі» АҚ дауыс беретін жәй акцияларының 10 және одан артық пайызына ие акционердің өкілі – 36 021 892 863 дана дауыс беретін жәй акцияларға, яғни «БТА Банкі» АҚ жәй орнықтырылған акцияларының жалпы мөлшерінің 81,4% ие, 2011 жылғы 29 маусымдағы №57 сенімхат негізінде әрекет ететін Сатыбалдиев Азамат Исмаилович мырзаның танытуында.
- 2) The Bank of New York Mellon – Ғаламдық депозитарлық қолхаттарды ұстаушылардың өкілі 2011 жылғы 28 маусымдағы №859262 Сенімхат (Power of Attorney) Оразбаева Дана Мухамбетаблаевна ханымның танытуында.
- 3) өзге акционерлер және олардың өкілдері.
- 4) Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау және қадағалау комитетінің өкілі Исабаева С.Н. танытуында.
- 5) «БТА Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелері келесі құрамда:

Дунаев Арман Галиаскарович – Директорлар кеңесінің Төрағасы;

Сәйденов Әнуар Ғалимуллаұлы – Директорлар кеңесінің мүшесі, Басқарма Төрағасы

Бабенов Булат Базартаевич – Директорлар кеңесінің мүшесі – Тәуелсіз Директор;

Пронк Маартен Лео – Директорлар кеңесінің мүшесі – кредиторлардың өкілі, Директорлар кеңесінің Тәуекелдер жөніндегі комитет төрағасы;

Шефбек Кристоф – Директорлар кеңесінің мүшесі – кредиторлардың өкілі, Директорлар кеңесінің аудиті бойынша комитет төрағасы;

- 6). Басқарма мүшелері және «БТА Банкі» АҚ өзге қызметкерлері.

Барлық қатысушы акционерлер тіркелді және акционерлер өкілдерінің құқықтары тиісті түрде тексерілді.

Барлық акционерлерді және олардың өкілдерін тіркеу кезінде «БТА Банкі» АҚ жылдық акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдар, сондай-ақ, дауыс беру карточкалары қолдарына табыс етілді.

2011 жылғы 30 маусымдағы № 59 «БТА Банкі» АҚ
жылдық Акционерлердің Жалпы жиналысының дауыс беру
қорытындылары туралы
ХАТТАМАСЫ

Санақ комиссиясы «БТА Банкі» АҚ жылдық акционерлердің жалпы жиналысын өткізу және күн тәртібіндегі мәселелер бойынша шешім қабылдау үшін қажетті кворумның жиналғандығын хабарлады.

1. Жиналыс Төрағасын сайлау туралы мәселе бойынша дауыс беру қорытындылары:

Дауыс беру «бір акционер» - «бір дауысқа ие» қағидасы бойынша жүргізіледі.

Дауыс беруге 11 дауыс қатысты.

Дауыс беру қорытындылары:

«қолдайтындар» - 11 дауыс;

«қарсы болғандар» - жоқ;

«қалыс қалғандар» - жоқ.

Дауыс беру қорытындысы бойынша Жиналыс төрағасы ретінде - «БТА Банкі» АҚ Корпоративтік Хатшысы Дугашев Сахильжан Маликовичті сайлау туралы шешім қабылданды.

2. Жиналыс хатшысын сайлау мәселесі бойынша дауыс беру қорытындылары.

Дауыс беру «бір акционер» - «бір дауысқа ие» қағидасы бойынша жүргізіледі.

Дауыс беруге 11 дауыс қатысты.

Дауыс беру қорытындылары:

«қолдайтындар» - 11 дауыс;

«қарсы болғандар» - жоқ;

«қалыс қалғандар» - жоқ.

Дауыс беру қорытындысы бойынша Жиналыс хатшысы қызметіне – «БТА Банкі» АҚ Корпоративтік хатшысының көмекшісі Питулова Ольга Владимировнаны сайлау туралы шешім қабылданды.

3. Жиналысты өткізу регламентін бекіту мәселесі бойынша дауыс беру қорытындылары.

Дауыс беру «бір акционер» - «бір дауысқа ие» қағидасы бойынша жүргізіледі.

Дауыс беруге 11 дауыс қатысты.

Дауыс беру қорытындылары:

2011 жылғы 30 маусымдағы № 59 «БТА Банкі» АҚ
жылдық Акционерлердің Жалпы жиналысының дауыс беру
қорытындылары туралы
ХАТТАМАСЫ

«БТА Банкі» АҚ Жылдық Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібін ұсынылған редакцияда бекіту:

- 1) «2010 жылғы «БТА Банкі» АҚ қызмет қорытындысы бойынша «БТА Банкі» АҚ жылдық біріктірілген қаржы есептілігін бекіту туралы»;**
 - 2) Өткен 2010 жылғы қаржы жылы үшін «БТА Банкі» АҚ таза кірісті бөлу және қоғамның бір жәй акциясына есептелген дивиденд мөлшері туралы».**
 - 3) «2010 жылғы «БТА Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің есебін бекіту туралы»**
 - 4) «2011 жылғы «БТА Банкі» АҚ қызметінің қорытындысы бойынша «БТА Банкі» АҚ біріктірілген қаржы есептілігінің аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды анықтау, өкілеттіктер мерзімі туралы».**
 - 5) «2007 жылғы 22 ақпандағы №45 «ТұранӘлем Банкі» АҚ акционерлерінің жалпы жиналысының хаттамасымен бекітілген «БТА Банкі» АҚ орнықтырылған акцияларды сатып алу ережелеріне өзгерістер және толықтырулар енгізу туралы».**
 - 6) «Қоғам және оның лауазымды тұлғалардың әрекетіне акционерлердің үндеуі және қарастыру қорытындылары туралы мәселені қарау жөнінде»**
 - 7) «2010 жылғы Басқарма және Директорлар кеңесі мүшелерінің мөлшері және сыйақы құрамы туралы ақпарат»**
 - 8) «БТА Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің құрамының өзгеруі туралы».**
-

6. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша дауыс беру қорытындылары: 2010 жылғы «БТА Банкі» АҚ қызметінің қорытындылары бойынша «БТА Банкі» АҚ жылдық біріктірілген қаржылық есептілікті бекіту туралы.

Дауыс беру «бір акционер» - «бір дауысқа ие» қағидасы бойынша жүргізіледі.

Дауыс беруге 36 239 923 699 дауыс (соның ішінде 36 239 561 772 дауыс - өзінің өкілдері арқылы жиналысқа қатысқан акционерлердің атынан берілген дауыстар).

«Қолдайтындар» - 36 207 727 199 дауыс,
«қарсы болғандар» - жоқ;
«қалыс қалғандар» - 32 196 500 дауыс.

Дауыс беру қорытындысы бойынша:

- осы Хаттамаға №1 Қосымшаға сәйкес 2010 жылғы «БТА Банкі» АҚ аудит жүргізілген жылдық біріктірілген қаржылық есептілікті бекіту.

7. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша дауыс беру қорытындылары: Өткен 2010 жылғы қаржы жылы үшін «БТА Банкі» АҚ таза кірісті бөлу және қоғамның бір жәй акциясына есептелген дивиденд мөлшері туралы.

2011 жылғы 30 маусымдағы № 59 «БТА Банкі» АҚ
жылдық Акционерлердің Жалпы жиналысының дауыс беру
қорытындылары туралы
ХАТТАМАСЫ

Дауыс беру «бір акционер» - «бір дауысқа ие» қағидасы бойынша жүргізіледі.

Дауыс беруге 36 239 923 699 дауыс (соның ішінде 36 239 561 772 дауыс - өзінің өкілдері арқылы жиналысқа қатысқан акционерлердің атынан берілген дауыстар).

«Қолдайтындар» - 36 239 817 420 дауыс,
«қарсы болғандар» - жоқ;
«қалыс қалғандар» - 106 927 дауыс.

Дауыс беру қорытындысы бойынша:

- «БТА Банкі» АҚ резервтік капитал мөлшерін 95 111 231 (тоқсан бес миллиард бір жүз он бір мың екі жүз отыз бір) теңгемен 137 457 656 (бір жүз отыз жеті миллиард төрт жүз елу жеті мың алты жүз елу алты) теңгеге дейін арттыру;
- 2010 жылғы қызмет қорытындылары бойынша «БТА Банкі» АҚ жәй акциялары бойынша дивидендтер төлемеу;

8. Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша дауыс беру қорытындылары: «БТА Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің құрамының өзгерістері туралы».

Дауыс беру «бір акционер» - «бір дауысқа ие» қағидасы бойынша жүргізіледі.

Дауыс беруге 36 239 923 699 дауыс (соның ішінде 36 239 561 772 дауыс - өзінің өкілдері арқылы жиналысқа қатысқан акционерлердің атынан берілген дауыстар).

«Қолдайтындар» - 36 207 727 199 дауыс,
«қарсы болғандар» - жоқ;
«қалыс қалғандар» - 32 196 500 дауыс.

Дауыс беру қорытындысы бойынша:

- осы Хаттамаға №2 Қосымшаға сәйкес 2010 жылғы «БТА Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің есебін толығымен мақұлдау.

9. Күн тәртібінің төртінші мәселесі бойынша: 2011 жылғы «БТА Банкі» АҚ қызметінің қорытындысы бойынша «БТА Банкі» АҚ біріктірілген қаржы есептілігінің аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды анықтау, өкілеттіктер мерзімі туралы»

2011 жылғы 30 маусымдағы № 59 «БТА Банкі» АҚ
жылдық Акционерлердің Жалпы жиналысының дауыс беру
қорытындылары туралы
ХАТТАМАСЫ

Дауыс беру «бір акционер» - «бір дауысқа ие» қағидасы бойынша жүргізіледі.

Дауыс беруге 36 239 923 699 дауыс (соның ішінде 36 239 561 772 дауыс - өзінің өкілдері арқылы жиналысқа қатысқан акционерлердің атынан берілген дауыстар).

«Қолдайтындар» - 36 207 727 199 дауыс, соның ішінде «БТА Банкі» АҚ акцияларына тиесілі Ғаламдық депозитарлық қолхат ұстаушыларға тиесілі 122 689 000 дауыс;

«қарсы болғандар» - 32 196 500 дауыс;

«қалыс қалғандар» - жоқ.

Дауыс беру қорытындысы бойынша:

- 2011 жылғы жылдық қаржылық есептіліктің аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйым ретінде «Эрнст энд Янг» ЖШС анықтау.

10. Күн тәртібінің бесінші мәселесі бойынша дауыс беру қорытындылары: 2007 жылғы 22 ақпандағы №45 «ТұранӘлем Банкі» АҚ акционерлерінің жалпы жиналысының хаттамасымен бекітілген «БТА Банкі» АҚ орнықтырылған акцияларды сатып алу ережелеріне өзгерістер және толықтырулар енгізу туралы.

Дауыс беруге 36 239 923 699 дауыс (соның ішінде 36 239 561 772 дауыс - өзінің өкілдері арқылы жиналысқа қатысқан акционерлердің атынан берілген дауыстар).

«Қолдайтындар» - 36 207 727 199 дауыс, соның ішінде «БТА Банкі» АҚ акцияларына тиесілі Ғаламдық депозитарлық қолхат ұстаушыларға тиесілі 122 689 000 дауыс;

«қарсы болғандар» - жоқ;

«қалыс қалғандар» - 32 212 311 дауыс.

Дауыс беру қорытындысы бойынша:

- осы Хаттаманың №3 Қосымшасына сәйкес 2007 жылғы 22 ақпандағы №45 «ТұранӘлем Банкі» АҚ акционерлерінің жалпы жиналысының хаттамасымен бекітілген «БТА Банкі» АҚ орнықтырылған акцияларды сатып алу ережелеріне өзгерістер және толықтырулар енгізу туралы.

11. Күн тәртібінің алтыншы мәселесі бойынша дауыс беру қорытындылары: Қоғам және оның лауазымды тұлғаларының әрекетіне акционерлердің үндеуі және қарастыру қорытындылары туралы мәселені қарау жөнінде»

2011 жылғы 30 маусымдағы № 59 «БТА Банкі» АҚ
жылдық Акционерлердің Жалпы жиналысының дауыс беру
қорытындылары туралы
ХАТТАМАСЫ

Осы мәселе бойынша дауыс беру «бір акционер» - «бір дауысқа ие» қағидасы бойынша жүзеге асырылады.

Дауыс беруге 11 дауыс қатысты.

Дауыс беру қорытындылары:

«Қолдайтындар» - 11 дауыс;

«қарсы болғандар» - жоқ;

«қалыс қалғандар» - жоқ.

Дауыс беру қорытындылары бойынша: «БТА Банкі» АҚ жылдық акционерлердің жалпы жиналысын жабу».

Санақ комиссия мүшелерінің қолдары:

Тулеева С.О.

Иванова О.А.

Омаркулова Д.Б.



2011 жылғы 30 маусымдағы № 59 «БТА Банкі» АҚ
жылдық Акционерлердің Жалпы жиналысының дауыс беру
қорытындылары туралы
ХАТТАМАСЫ